



«БЕКІТЕМІН»

«Alikhan Bokeikhan University» ректоры ББМ

Ш.А Курманбаева

2023ж


**БЕЙІНДІ МАГИСТРАТУРАҒА, МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТИН
ӨТЕГЕН ТҮЛҒАЛАР ҮШІН, СУХБАТТАСУ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Семей қаласы, 2023 ж.


АЛҒЫ СӨЗ

1. ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕҢГІЗІЛДІ:

ОӘЖ Проректоры:

 К.С. Жарықбасова
«18» 06 2023 ж.

СДжF Проректоры:

 А.К. Кайшатаева
«18» 06 2023 ж.

ЖБКББ Басшысы:



Л.М. Шаяхметова
«18» 06 2023 ж.

Университеттің ғылыми кеңесі отырысында бекітілген

ХАТТАМА № 9 30.05.2023 ж.

2. КЕЛІСІЛДІ:

Заң қызметінің басшысы-заң кеңесшісі:

 Э.И. Эфендиев
«18» 06 2023 ж.

БЕЙІНДІК МАГИСТРАТУРАҒА, МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТИҢ ӨТЕГЕН ТҮЛҒАЛАР ҮШІН, СҮХБАТТАСУ

Мерзімді әскери қызметін өтеген тұлғалар үшін ақылы түрдегі бейіндік магистратураға қабылдау, мерзімді әскери қызметін өтегеннен кейін үш жылдан соң, емтихансызы, университеттің қабылдау комиссиясының сұхбаттасу нәтижесінің шешімімен қабылданады.

Сонымен қатар, мерзімді әскери қызметін өтеген азаматтарды қабылдау, академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталмай тұрып 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Alikhan Bokeikhan University мерзімді әскери қызмет өткерген талапкерлер үшін бейінді магистратураның келесі бағдарламалары бойынша қабылдау жүргізеді:

Білім беру саласы	Дайындық бағыты	Білім беру бағдарламаларының тобы	Білім беру бағдарламасы
7M01 Педагогикалық ғылымдар	7M011 Педагогика және психология	M001 Педагогика және психология	7M01111 Педагогика және психология (бейінді)
7M04 Бизнес, басқару және құқық	7M041 Бизнес және басқару	M072 Менеджмент	7M04117 Іскерлік әкімшілік (бейінді)
7M04 Бизнес, басқару және құқық	7M041 Бизнес және басқару	M070 Экономика	7M04115 Экономика (бейінді)
7M04 Бизнес, басқару және құқық	7M042 Құқық	M078 Құқық	7M04219 Құқықтану

Оқуға түсу бойынша өтініштерді қабылдау әр жыл сайын:

01.06 бастап 22.08 дейін;

25.10 бастап 10.11 дейін өткізіледі.

Сұхбаттасу ОРНЫ және УАҚЫТЫ бойынша мәліметтер 5 күн бұрын университеттің ресми сайтында жарияланады және де әлеуметтік желілерден көруге болады.

Оқуға түсуші сұхбаттасуға келмеген жағдайда, 0 балл қойылады және де сұхбаттасу уақыты басқа күнге ауыстырылмайды.

Оқуға түсуге арналған құжаттардың тізімі:

- 1) Ректордың атына жазылған өтініш;
- 2) жоғарғы білім турлы құжат (түпнұсқа);
- 3) жеке құлік (жақсы сападағы көшірме)- 2 дана;
- 4) алты фотосурет өлшемі 3x4 сантиметр;

- 5) 075/у нысаны бойынша медициналық анықтама;
 6) шет тілін менгергендігін раставтын сертификат (болған жағдайда);
 7) еңбек қызметін раставтын күжат (еңбек өтілі бар адамдар үшін);
 8) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (олар болған жағдайда);
 9) әскери билеттің көшірмесі;
 10) мерзімді әскери қызмет өткергенін раставу туралы анықтама (ХҚКО-да немесе e-GOV ақпараттық жүйе арқылы алынған);
 11) картон байланыстырылғыш және 2 **тығыз** файл.

Тармақшада көрсетілген күжаттар 6) түпнұсқалар мен көшірмелерде ұсынылады, салыстырғаннан кейін түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Көрсетілген құжаттардың толық емес тізбесі ұсынылған кезде қабылдау комиссиясы түсушілердің құжаттарын қабылдамайды.

Сұхбаттасу үшін бейінді пәндердің тізбесі:

Білім беру бағдарламалары тобы	Бейіндік пән	
	1 Бейіндік пән	2 Бейіндік пән
M072 - Менеджмент және басқару	Менеджмент	Бизнесті ұйымдастыру
M070 - Экономика	Кәсіорын экономикасы	Макроэкономика
M001 - Педагогика және психологика	Педагогика	Психология
M078 - Құқық	Мемлекет және құқық теориясы	Ситуациялық кейс (ҚР заңнамасы мен халықаралық құқық нормаларын қолдану негізінде нақты практикалық ахуалды кешенді құқықтық талдау)

Сұхбаттасу оқуға түсушінің кәсіби және жеке қызметтерін, ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жүргізу әлеуетін бағалауға бағытталған.

Сұхбаттасу хаттамамен рәсімделеді және оған комиссия төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды.

Сұхбаттасуды бағалау критерийі

Сұхбаттасу түсушінің кәсіби және жеке қасиеттері бағалауға бағытталған.

№	Критерийі	Дескрипторлар	Баллдары
1	Кәсіпқойлық	Терминологияны менгеру, ағымдағы жағдайды талдау және бағалау, болжай білу	2
2	Мотивация	Таңдалған БББ бойынша бейіндік магистратурада оқуға арналған уәждерді дәлелдеу. Оқытуды аяқтау бойынша кәсіби және жеке өсу перспективаларын пайымдау	1
3	Шығармашылық	Стандартты емес ойлау, проблемаларды, ситуацияларды мәселелерді шешудің шығармашылық және балама тәсілдері	2
Ең көп үпай саны			5

Сұхбаттасу қортындысы – бағалау түсініктемелерімен сұхбаттасу өткен күні талапкерге жарияланады.

АППЕЛЯЦИЯ БЕРУ ТӘРТІБІ

1. Бейінді магистратураға түсетін тұлғалардан аппеляцияға өтініш аппеляциялық комиссия төрағасының атына беріледі. Өтініштер сұхбаттасу нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00 ге дейін қабылданады және өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде университетте аппеляция комиссиясы қарайды.
2. Аппеляциялық арызда баяндалған нақты фактілер қаралуға жатады.